МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№09 (107), қазан, 2018 жыл

*Равнение на лучших*

# МАСТЕРА СВОЕГО ДЕЛА

**28 сентября были подведены итоги финального этапа конкурса профессионального мастерства «Үздік маман – 2018» среди работников Группы компаний «КазМунайГаз». Конкурс, ставший уже традиционным, проводится в третий раз и с каждым годом расширяется его география и масштаб.**



Батырбек Кошбаев

В этом году конкурс «Үздік маман – 2018» стартовал 24 сентября на шести промышленных площадках дочерних компаний КМГ - АО «Мангистаумунайгаз» (Каламкас), АО "КазТрансОйл" (Актау Учебно-курсовой комбинат, ГНПС), ТОО «Павлодарский нефтехимический завод» (Павлодар), ТОО «Oil Services Company» (месторождение Жетыбай), ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшн» (Мангистауское управление технологического транспорта, г.Актау).

Конкурс, сохранивший славные традиции проведения соревнований прошлых лет, проходит в два этапа. В первом, завершившемся ранее в дочерних предприятиях, в этом году приняли участие более трех тысяч работников 35 базовых профессий нефтегазового комплекса.

Во второй, финальной части конкурса, мастерство демонстрировали 172 участника (победители первого этапа), представляющих 20 основных и смежных профессий, таких, как лаборант химического анализа, электрогазосварщик, электромонтер, оператор по добыче нефти и газа, оператор по поддержанию пластового давления, оператор по исследованию скважин, машинист ППУ и др.

Конкурс состоял из двух состязаний: тестирование на проверку теоретических знаний и выполнение практических заданий. Тестирование прошло в электронном виде в режиме on-line.

Наряду с опытными работниками, в объединенном конкурсе КМГ приняли участие лучшие молодые профессионалы, добросовестным трудом и высоким мастерством доказавшие право представлять свои предприятия на главных профессиональных площадках КМГ.

Победители во всех номинациях были определены компетентным жюри, состоящим из экспертов предприятий группы КМГ.

От Акционерного общества «Мангистаумунайгаз» в конкурсе «Үздік маман – 2018» принимали участие шесть работников и двое из них стали призерами.

(Продолжение на 2-стр.)



Нурбол Едилов



*(Окончание. Начало на 1-стр)*

# МАСТЕРА СВОЕГО ДЕЛА



Оператор по исследованию скважин 3-го разряда ЦНИПР ПУ «Каламкасмунайгаз» Батырбек Кошбаев занял второе место в номинации «Лучший оператор по исследованию скважин», а оператор по ППД 4-го разряда ЦППД ПУ «Жетыбаймунайгаз» Нурбол Едилов стал третьим в конкурсе – «Лучший оператор по поддержанию пластового давления».

В практической части Батырбек Кошбаев состязался с коллегами в проведении контроля уровня жидкости прибором СУДОС мини, предназначенным для оперативного контроля уровня в добывающих нефтяных скважинах, а Нурбол Едилов – в конкурсе на замену штуцера на нагнетательной скважине. При выполнении практических заданий жюри оценивало такие критерии как: качество работ, выполнение задания по нормативному времени и скорости, соблюдение правил техники безопасности и охраны труда, культура рабочего места и др.

В теоретической части конкурса, которая включала в себя проверку знаний по профессии Батырбек Кошбаев и Нурбол Едилов набрали соответственно 47 и 44 балла из 50 возможных.

Батырбек Кошбаев работает АО «Мангистаумунайгаз» с 2009 года после окончания Каспийского общественного университета, он признается, что данный конкурс – это отличная возможность показать свои самые лучшие стороны, улучшить рабочие навыки, поделиться знаниями с коллегами.

- Я впервые участвую в конкурсе национальной компании «Үздік маман – 2018», и мне он очень понравился, поскольку стимулирует работников к самосовершенствованию, к достижению новых целей и высот, - отметил Батырбек Кошбаев. – И еще хочу сказать спасибо своим руководителям, наставникам и всем коллегам, у которых я многому научился.

Также с 2009 года работает в АО «Мангистаумунайгаз» и Нурбол Едилов, и он тоже, как и Батырбек окончил Каспийский общественный университет.

- Я уже принимал участие в конкурсе «Үздік маман», в прошлом году, но, к сожалению, тогда не сумел занять призовое место, - говорит Нурбол Едилов. – Но, тем не менее, мне пригодился приобретенный соревновательный опыт прошлогоднего конкурса. Надеюсь, в следующем году мне удастся стать лучшим в своем деле. Пользуясь случаем, хочу поблагодарить руководство своего цеха, всех своих коллег, за помощь и поддержку.

Отдельно стоит рассказать о церемонии награждения победителей и призеров конкурса «Үздік маман – 2018», которая проходила на набережной города Актау на самом берегу седого Каспия.





Первыми на сцену величественного амфитеатра под открытым небом под барабанную дробь поднимаются знаменосцы с флагами дочерних предприятий национальной компании «КазМунайГаз». Легкий морской бриз нежно развевает флаги компаний – участниц конкурса: АО «Эмбамунайгаз», ТОО «Казахойл Актобе», АО «Озенмунайгаз», АО «Интергаз Центральная Азия», ТОО «ПНХЗ», ТОО МНК «КазМунайТениз», АО «Мангистаумунайгаз» и многих других предприятий и все они обьединены под единым знаменем национальной компании «КазМунайГаз».

Ведь не случайно поздравляя участников конкурса «Үздік маман – 2018» Вице-президент по управлению человеческими ресурсами АО НК «КазМунайГаз» Серик Абденов, отметил, что подобные мероприятия сплачивают коллектив, способствуют развитию корпоративного духа:

- Сегодня под флагом КМГ – большой коллектив, более 90 000 человек, и руководство компании многое делает для соблюдения интересов людей труда, поддержания профессионального уровня, корпоративного духа и социальных гарантий. Прошедший конкурс ярко продемонстрировал, что КазМунайГаз сегодня обладает прекрасными специалистами своего дела, рационализаторами и настоящими мастерами – людьми, поднимающими престиж профессии нефтяника.

А затем наступил самый волнительный и долгожданный момент. В лучах уходящего солнца, по красной ковровой дорожке на сцену амфитеатра поднимаются победители и призеры конкурса, представляющие дочерние предприятия КМГ, которых награждают первые лица ведущих нефтяных компаний Казахстана.

Лучшие из лучших были награждены медалью «Үздік маман» и дипломами за победу в конкурсе, все это сопровождалось красочными музыкальными номерами в исполнении местных творческих коллективов, а также яркими сольными выступлениями самих нефтяников.

Итак, конкурс «Үздік маман – 2018» завершен, он объединил под своими знаменами работников предприятий «КазМунайГаза» из разных городов, стал важной площадкой для обмена опытом и техническими идеями, дал возможность участникам раскрыть свой потенциал и показать лучшие качества, а его главными героями стали работники, посвятившие себя профессии нефтяника. И каждый из них укрепляя фундамент национальной компании, улучшая работу всех звеньев нефтегазового холдинга, своим трудом вносит посильный вклад в развитие системообразующей отрасли нашей большой страны.





*Еңбекпен есейген Ерлер*

# ҚАЙСАР ҚЫЗДАР САРҚЫТЫ

«Өмірімнің мәні – шүкіршілікте» деп әңгімесін бастаған Мария Бисембергенова бүгінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехында еңбек етеді. 1982 жылы Ақтау қаласындағы училищені тәмамдаған ол бүгінде машинист мамандығының нағыз білгірі.

– 2006 жылы өндірістік қазандық жабылып, мені қабат қысымын ұстау цехының №3 сору стансасына ауыстырды. Қызметім үлкен жауапкершілікті талап етеді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жылдық жоспарды толық орындап, биік межеден көрінуіне де осы цехтың атқаратын рөлі зор деп есептеймін. Бүгінде қалдық су стансасында 7 насос жұмыс жасап тұр. Барлығын қосқанда 16 насостың көмегімен тәулігіне 1300 шаршы метр суды қатты қысыммен жер қабатына айдаймыз.



«Батырға оңы-солы бірдей» демекші, қос машинист түнгі кезекте де қанаттасып еңбек етеді. Бұлардың әркайсысы өз мамандықтарын қадірлей біледі. Ұжымда дауыс көтеру деген жоқ. Барлығы ауызбіршілікпен, қас пен қабақпен өзара түсініспен, өз міндеттерін мүлтіксіз атқарады.

Мұнайшы апаның ұзақ жылғы еңбегінен тапқан марапаты да мол. Күні кеше мерейді тасытқан мұнайшылар мерекесінде Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасын алып мәртебесі өсті. «Жетібаймұнайгаз ӨБ - 55 жыл», «Маңғыстау мұнайына-50 жыл» төсбелгісі маңдай тер мен адал еңбектің жәдігеріндей боп шаңырағының төрінде жарқырап тұр. Жастық шақтарынан жылы естеліктер сұрағанымызда Мария апаның айтқаны мынау еді:

– 18 жасымда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қазандық цехына жұмыс сұрап бардым. Сол кездегі бастығым Ерлан Бажиков еді. Мән-жайды сұрай келе, талабымды қайтармай «әкеңнің жақсылығын көп көріп едім» дегені есімде қатты сақталып қалды. Осы бір кісілікпен, азаматтық қамқорлықпен айтылған жылы сөз өзіммен бірге өмір сүріп келеді. Қазақта «жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық болады» деген ұлағатты сөз бар ғой. Әкем Ерғали Таңатов токарь болған кісі. Анам да «ҚазТрансОйл» мекемесінің қауіпсіздік саласында талай жыл қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты.

Ерлерге тән ауыр жұмыстың қайнаған ортасында жүрген Мария апайдың тұрмысы бақуатты. Жолдасы Садуақас Бисембергенов «ОйлСервисКомпани» серіктестігінде машинист болып еңбек етеді. Бұл күнде әже деген статусты иемденіп үлгерген Мария апай сүйікті немересіне қарап, адамдық пен адалдықты, обал мен сауапты ажырататын азамат болсын деп тілейді. Ықылым заманнан ырымға иланған халықпыз ғой. Іні ағаға серік болсын, ағаініге қанат бітірсін, қайратқа қайрат қосып, қатарласып бірге жүрсін деген ниетпен үш ұлын Қанат, Қайрат, Серік деп атады.

– Отбасымызда отағасын қосқанда, 4 арыстай азамат бар. Солардың ас-суын дайындап, тәуліктің қай мезгілінде болмасын алыстағы нәпақа айырған кеншіме асығам. Жұмыстағы кезек күттірмейтін қалың қарбалас «мен әйелмін» деген нәзік жаратылысыңа қарап жатқан жоқ. Цехтың табалдырығын аттаған-ақ тікеңнен тік тұрып қызмет ететін 12 сағаттық тіршілігіне еніп жүре бересің. Жалқаулықты жақтырмайтын кәсіптің қиындығы мен қызығын қатар көріп жүрміз. Мұқағалидың өлеңі бар ғой, «шаршадым білем, жантая кеткім келеді» дейтін сәттердің де болатыны жасырын емес... Абырой арқалап жүргеніңді, 3 баланың несібесін ойлап, бойыңды тез жиып үлгересің. Сосын таңмен таласа Жетібай мен Ақтау арасындағы тақтайдай жолмен тағы кетіп барасың, – дейді мұнайшы апа.

Өмірінің 35 жылын сүйікті кәсібіне арнаған жанның жан жадыратар жылы әңгімелеріне сүйсінбеу мүмкін емес. Қажыр-қайратпен өрнектелген еңбек жылдары ажарына аса бір сын тақпапты. Сұлу келіншек, аяулы ана, әдемі әже атанған Мария Бисембергенованың нағыз қазақ әйеліне тән қайсарлығы кешегі Мария Хакімжанова, Кәмшат Дөнентаевалардың жанкештілігін еске түсірді. Қайсар қыздардың ізі жоғалмапты, сарқыты сақталыпты. Ақылы мен қайраты қос бұрымдай өрілген ажарлы апамызбен аз-кем дидарласқанда осыған көңіл тоқтаттық, ой түйдік, жақсы мәжіліс құрдық.

# ТАБАНДЫ ТАХИР АҒА



**Тахир Үсекенов! Бұл кісіні асарлықтардың танымайтыны кемдекем. Қай шара болмасын басшылар бастап, атқосшы азаматтар қоштап ағаны абыройлы шаралардың алдына салады. Алғысқа бөленген азамат. Білікті маман. Бақытты әке.**

33 жылын №2 мұнай және газ өндіру цехына арнаған Тахир Үсекеновтің табандылығы операторлық кәсіптің қырсырын меңгеруге сеп болған. Өндірістегі өткен өмірі аға үшін абыройлы. Марапаттан бөлек, ағаны іздейтін, ақыл-кеңесін қажет ететін ізгі жолдас, әріптес бар.

– Өзім де көп нәрсені мықты мамандардан үйрендім. Солардың қатарында Нұғман Асқарбеков, Серік Қуантқановты ерекше атап өткім келеді. Операторлық қызметтің баспалдағынан өткен Алик Айдарбаев, Мақсат Боранбаев секілді мықтылардың кенорнында, цехта өзімізбен қатарлас жүргені күні кеше еді. Азаматтың бағы әп-сәтте. Мемлекет, қоғам қайраткері деңгейіне көтерілген әріптес замандастарымыздың абыройын өз абыроймыздай көріп қуанып жүреміз. Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көр!

Тахир Үсекеновтың туған топырағы – Атырау бойы. Отбасында мұнайды бастап кәсіп қылған жан - өзі. Әкесі Әбу Үсекенов Ақ Жайықтың айдынында кеме капитаны қызметінде ұзақ жыл еңбек етті. Анасы сауда саласында қызмет жасады. «Маңғыстауға мұнайшы болам деп келдім» деген Тахир аға бүгінде адал жары Алма Мұхановамен ұл-қыз тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі. Киелі түбектен табанды еңбекпен бақытын тауып, «қара



қазан, сары баланың» несібесін түгендеген жарасты ғұмырына дән риза.

Бар-жоқты ойша түгендеп көрсе, өндірістің ыстық-суығын бірдей көріпті. Кенорнының кешегісінің куәсі, бүгінгісінің қақ ортасында. «25 жасымда Асарға келдім. Қазіргідей жайлы орын,ыстық тамақ жоқ. Мезі қылатын меңіреу дала, жағдай қиын кез еді ғой. Бүгінгі Асар - бөлек Асар, жастар жағы қаумалап өндірісте жүр. Жаңа техника, жаңа леп. Былтыр ұжымым қаумалап, су жаңа асхананың тұсауын өзім кестім! Биыл мынау - жарқыраған жатақхана, спорт залы, жап-жасыл футбол алаңы, кітапхана... Айта берсең жақсылықтың есебі жоқ. Мұнайшылар үшін қуанамын»,-деген еңбек майталманы Тахир Үсекеновтің ақжарма қуанышына біз де қосыла қуанып, мерейіміз тасыды...

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

## Виртуальды музей

2019 жылы Қаламқас кенорнының ашылғанына 40 жыл толады. Қаламқастың тарихы – кенорынында еңбек еткен біздің аға буын мұнайшылардың, біздің тұстас әріптестеріміздің өмір баяны. Өткен тарихты зерделеу арқылы кемел келешектің бағытын білгілейтініміз хақ. Жанқиярлықпен еңбек етіп, ел дәулетін еселеген қаламқастық мұнайшылардың ерлік еңбегін елге жария қылу, құрмет пен ізет көрсету мақсатында «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы 2018 жылдың қыркүйек айы мен 2019 қыркүйек айы аралығында арнайы айдар ашады. Сондай-ақ газет бетінде осы атаулы мерекеге арналған «виртуалды мұражайда» тарихи жәдігерліктер жинақталады. Мұражай мұнайшылардың кезеңінен сыр шертетін экспонаттар - көне фотосуреттер, техника, құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар, басқа да көзден қалтарыста қалған мұралардан тұрады.

Ең бастысы – қадірлі оқырман, мұражай коллекциясын толықтыруға Өзіңіз ат салыса аласыз. Бұл үшін **e.aitbaev@mmg.kz** немесе **erbol_diz@list.ru** электронды поштасына бұрын-соңды баспасөз және кітап беттерінен жарық көрмеген жәдігерлеріңіздің суретін жолдаңыз! Бір сәт әр отбасында сақталған көне альбомдардағы уақыт сарғайтқан, ата-әжелеріміздің өмір баянынан сыр шертетін суреттерді ақтарып көрейікші. Себебі, біздің тарихымыз - әр мұнайшының тарихы, жаһан түзді шахарға айналдырған ата-әжелеріміздің жалынды жастығы сонда жатыр. Аға буынның жасампаздығын ұл-қыздарымызға жеткізейік, дәстүр рухында тәрбиелейік, барды құрметтеуге баулиық! Мерейлі мерекенің салтанатын арттыруға біріге жұмыстанайық!

Осы бағыттағы суреттер мен жәдігерліктерді сақтап жүрген жақындарыңыз не таныстарыңыз болса, олардың қатысуына да шектеу жоқ! Сондай-ақ кенорнында еңбек еткен атақты бригадалар, мұнайшылармен газет тілшілері кездесуге асық, Сіздерден олар туралы деректерді күтеміз! Ешкім де, ештеңе де ұмытылмауы тиіс!

Суреттеріңізді сканерлеу, немесе жәдігерлерді суретке түсіру бойынша сұрақтарыңыз болса, немесе көмек қажет болса 212-423 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,**
**Жұртшылықпен байланыс бөлімі**



*Халел Өзбекқалиев - 90 жыл*

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ХАС ПІРІ ЕДІ...



**«Базарда мың кісі кездеседі, әркім сүйгеніне сәлем береді» деген сөз бар қазақта. Рас, мына қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырды тіршілігі қайнаған қан базарға теңесек, сол тіршіліктің базарында талай жанмен дәмдес-тұздас, қызметтес болдық, үзеңгілесе еңбек еттік. Бірақ осы талай жанның арасында өміріңнен өшпес орын алып, жүрегіңнің төрінде жарық жұлдыздай жарқырап тұратын адамдар некен-саяқ.**

**Сондай саусақпен санарлық аяулы жандардың ішінде қазақ мұнайының бастауында тұрған, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек еткен халық перзенттерінің бірі де бірегейі – Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтің есімін ерекше атар едім. Ол кісі жайлы айтылар сыр, жазылар естеліктер, сірә, таусылмас».**

**19 қазан күні Ақтау қаласында қазақ мұнайы тарихындағы қайталанбас тұлға, атақты геолог барлаушы, мемлекет және қоғам қайраткері Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтың 90 жылдығы республикалық деңгейде кең көлемде тойланады. Осы айтулы оқиғаға орай «Мұнайлы өлке» газеті оқырмандар назарына мұнай саласының ардагері, Қарақия ауданының құрметті азаматы Пірімтай Арыстановтың естелігін ұсынады.**

Жал-жал құмдары сан ғасырлар сырын қойнына бүгіп жатқан маңғаз Маңқыстауға шебер Құдай қаңсыған шөлдің сусынын қандырайын дегендей, бір тамшы көздің жасындай етіп, бұйра толқынды телегей теңізді сыйға тартыпты. Сол телегей теңіздің тереңіндегі қара алтын бүгінде бүкіл елді асырап, тәуелсіз мемлекетіміздің дәулеті мен сәулетін асырып отыр. Бірақ жүздеген, мыңдаған шақырым шыңырауда шөккен сол есепсіз байлықтың көзін ашып, нешеме буын ұрпақтың қамсыз-мұңсыз өмір сүруіне жағдай жасаған тұғырлы тұлғалар туралы бүгінгі ұрпақ көп біле бермейді.

Еншісіне бұйырған ауыр жүкті Толағайдай қайыспай көтеріп, маң далаға жан бітірген, қазақ мұнайының нешеме буын майталман мамандарын тәрбиелеп шығарған Халекеңнің уақыт өткен сайын биіктей түсетін адамгершілік алып тұлғасы мен бекзат болмысын бір-екі ауыз сөзбен сипаттап беру мүмкін емес. Дегенмен, асыл азаматпен тізе түйістіре еңбек еткен жылдардан есте қалған кейбір қимас сәттерге қайта оралған сайын ол кісінің азаматтық келбеті жадымда жаңғырып, әр жолы жаңа қырынан айшықтала түсетін сияқты.

«Халекең – Халел Жағыпарұлы менің өмірлік ұстазым әрі қамқоршым болды» десем, қателеспеспін. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас адамның кісіменен несі бар?» деген екен бұрынғылар. Әділін айту керек, менің қызмет баспалдағымен жоғары өрлеуіме Х.Өзбекқалиевтің де көп ықпалы болғаны анық. Бұл ол кісімен «екі туып, бір қалғанымнан емес», Халекеңнің жас мамандарға барынша қолдау көрсете алатын кең жүректілігі мен өз саласына деген жанашырлығынан деп түсіну керек...

«Қазақ геология ғылымының атасы» атанған Қаныш Сәтбаев: «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғалым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады» деген екен. Біз де осы ұстаныммен өскен ұрпақ едік. Алған білімімізді өндірісте іске асырып, елдің кәдесіне жаратуға асықтық.

Сондықтан да мен 1966 жылы Ташкент политехникалық институтын бітірген соң, жолдамамен сонау жер түбіндегі, ешқашан көріп-білмеген Маңқыстау түбегіндегі мұнай-газ барлау тресінің қарамағына жұмысқа жібергенде бір сөзге келмей, кете бардым.

Ол кезде трест орналасқан қазіргі Ақтау қалашығы халқы 20-25 мыңнан аспайтын шағын ғана елді мекен болатын. Инфрақұрылымы дамымаған, тұрғын үйлері жатаған, тұрмыстық-мәдени орындары бірен-саран. Қаласының өзі сондай болғанда, адам аяғы баспаған елсіз-күнсіз жерлерде жұмыс істеп жатқан барлаушы-бұрғылаушылардың жағдайын айтудың өзі қорқынышты. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязында іші қымталмаған жұқа темір вагондарда тұрып, ауыр жағдайларда еңбек еткен мұнайшылардың жанкештілігі мені әлі күнге таңғалдырады.

Мұнай саласындағы еңбек жолымды осындай ауыр кезеңде бастаған мен «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресінің қарамағындағы «Қарақиямұнайгазбарлау» экспедициясының «Доңға» учаскесінде жұмысқа кірістім. Жоғары білімді маман болсам да, барлау-бұрғылау ісінен тәжірибем аз еді. Сондықтан осы саланың ұңғыл-шұңғылын білу үшін өз өтінішіммен учаскедегі ең төменгі жұмыстан – төртінші разрядты бұрғылаушының көмекшісі қызметінен бастадым.

Әрине, от демді оңтүстіктің көкорай шалғынына аунап өскен маған адам аяғы баспаған Маңқыстаудың меңіреу даласы мен дүлей табиғатына үйрену оңай бола қойған жоқ. Қыста қытымыр аязы бойыңды құрсап, жазда шөлі қаталатқан елсіз-күнсіз жерлерде жүріп, мұнай іздеу, өндіру оңай шаруа емес. Кейде бәрін тастап, бас сауғалап қашып кеткің келетін кездерің де аз болмайды. Бірақ ол кездің адамдарында жауапкершілік пен парыз сезімі күштірек пе еді, білмеймін, әйтеуір өз жігерімізді өзіміз жанып, алға өршелене ұмтылушы едік.

Осылайша бар қиындықты еңсеріп, бес жылда қарапайым жұмысшыдан учаске бастығына дейінгі сатылардың бәрінен жүріп өттім. Осы бес жыл мені қатал сындарымен шыңдап, ширатқан үлкен тәжірибе мектебі болды.

«Доңға» учаскесі Ақтауға жақындау болғандықтан, ондағы трестің басшылығы жұмыс барысымен танысу үшін учаскеге жиі келіп-кететін. Сондай сапарларында трестің бастығы Халел Өзбекқалиевті сыртынан көріп тұрушы едім. Сұңғақ бойлы, маңдайы кең, түсі сұстылау, аса байсалды жігіт ағасын көргенде, жанына барып амандасуға да батылымыз бара бермейтін. Сондықтан тікелей кездесіп, бетпе-бет сөйлесіп көрмеппін. Оған себеп те болған емес. Білдей бір трестің басшысы мен сияқты кішкентай учаскенің қарапайым маманын қайтсін?! Мен осылай ойлаушы едім. Бірақ бұл ойымның жаңсақ екенін кейін түсіндім... Қарапайым жұмысшыдан «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресінің басшысына дейінгі сатылардан өтуіме, кейіннен ел басқару мектебіне келуіме қамқор болған Халел Жағыпарұлын мына ғұмырдағы Бас Ұстазым деп есептеймін.

Иә, Халел Жағыпарұлының жергілікті кадрларға деген қамқорлығының бұл басы да, аяғы да емес еді. Іргесі сонау 1957 жылы қаланған «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресінің басшылығына 1959 жылы келген Халел Өзбекқалиев салыстырмалы түрде дамыған ірі қалалардан, темір жол мен су жолдарынан қашық орналасқан шөл аймаққа алғашқы бұрғылау жабдықтарын жеткізіп, елсіз дала төсін дүбірге толтырған нағыз қазақ мұнайының қаһарманы болды. Мұндай ұшқан құстың қанаты талатын түкпірде жұмыс істеуге адам тарту, соның ішінде осы саланың жергілікті білгір мамандарын табу оңай болмады. Сондықтан трест басшысы жұмысты жолға қою үшін жан-жаққа ат шаптырып, жұмысқа шақырып, Татарстан, Баку, Грозный, Махачкала, Ресейден келген мамандарды өндіріс жұмысына тартты. Бірақ олардың көбі тек табыс табуды көздеп келген, вахталық әдіспен істейтін, «ұшарын жел, қонарын сай білетін» уақытша кадрлар болатын. Сондықтан ұзақ мерзімді жұмыстарды сеніп тапсыра алатын жергілікті кадрларды даярлау үшін Х.Өзбекқалиев Алматыдағы Политехникалық институтпен келісіп, қазақстандық мұнайшы мамандардың оқып, білім алуына жағдай жасады. Өндіріс басындағы істің көзін білетін талай жас осы трестің жолдамасымен аталған оқу орнында білімін жетілдірді. Халел Жағыпарұлы мұнайшының оқуын бітіріп келгендерді іріктеп, саралап жатпастан, бірден жұмысқа алып, іс-тәжірибемен тәрбиеледі. Бұдан бөлек, «Кезінде кәсіп іздеп кетіп, Түркіменстанның мұнайында жұмыс істеп жүрген қазақ көп екен» дегенді естіп, сонда арнайы жол тартқан трест басшысы қаншама білікті маман қазақтарды отбасымен көшіріп әкеліп, баспанамен қамтамасыз етіп, тұрақтандырды. Бүгінде ол кісінің тәрбиесін, қамқорлығын көргендердің көбі мұнай саласының майталман маманына айналып, Маңқыстауда үлкен өндіріс орындарын басқарып отыр. Бұған қоса, осы өндірістен өсіп, түрлі деңгейдегі басшылық қызметтерде еңбек еткен, тіпті мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілгендері де аз емес...

Түркіменстан дегеннен шығады, кезінде КСРО-ны басқарған Н.С.Хрущев шолақ ойлап, «Қазақстанның өз мұнайын игеруге шамасы жетпейді» деген сылтаумен Маңқыстау түбегін шекаралас жатқан түркімен халқының меншігіне беріп жібермек болған екен. Сол уақытта жергілікті кадрлардың біліктілігін күшейтіп, тәжірибесін шыңдау арқылы қазақ мұнайын қазақтан артық ешкім басқара алмайтынын дәлелдеп, киелі Маңқыстауды жат қолына беруден аман алып қалғандардың бірі осы Халекең екенін қазір екінің бірі біле бермейді.

Иә, ол кісінің Маңқыстау халқы үшін жасаған еңбегі телегей-теңіз ғой. «Сондай үлкен жақсылықтарының бірі – «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресін Ералы ауылына көшіріп әкелуі болды» десем, қателеспеспін.

Ол кезде трест орналасқан Форт-Шевченко қаласы теңіз жол қатынасынан да, мұнай-газ барлау жұмыстарымен айналысып жатқан өндіріс орындарынан да жер мойны тым қашық орналасқан болатын. Бұл өндіріске, жұмысшыларға қажетті жабдықтармен дер кезінде қамтамасыз ете алмауы себепті көп жұмыстың тоқтап қалуына себеп болып жатты. Сондықтан Халел Жағыпарұлы көп ойланып-толғана келе, тресті көшіруге шешім қабылдайды. Әрине, Форт-Шевченконы «Болашақта өндіріс орталығы болады» деп отырған облыс басшылығы трест көшіп кеткен соң қаланың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы әлсірейтінін сезіп, бұл шешімге әу баста қарсы болады. Әрі үлкен бір тресті көширудің шығыны да аз емес. Дегенмен, бұл шешімінің тиімділігін дәлелдеп, өз айтқанынан қайтпаған Х.Өзбекқалиевтің табандылығының арқасында «ММГБ» тресі мұнайлы алапқа қоныс аударады. Осы трестің айналасына жұмысшы поселкелері салынып, ел қоныстана бастайды.

Х.Өзбекқалиевтің осындай өндіріс мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, мұнайшыларға жақсы жағдай жасай отырып, мұнай барлау, бұрғылау жұмыстарын шебер басқаруының нәтижесінде 1961 жылы Қазақстанда бірінші рет Жетібайдағы 6-ұңғымадан мұнай бұрқағы атқылады. Оның артынша Өзен кеніштері ашылды. Бұл Маңқыстау мұнайшыларының ірі жеңісі еді! Бұған дейін Қазақстанда мұндай үлкен мұнай көзі болмаған. Әлемге әйгілі Доссор, Мақат кеніштері – сонау Николай заманындағы барлау жұмыстарының жемісі. Одан кейінгі табылған ірі кен орындары – осы Жетібай мен Өзен. Кейінірек Бозашы түбегінде Қаражанбас, Қаламқас, Арман кеніштері ашылды.

Жоғарыда айтылған алғашқы екі кеніш ашылған соң трест орналасқан Ералы поселкесіне мол қаражат бөлініп, инфрақұрылымы дамыды, жол салынып, ауыл халқының саны арта түсті. Отбасымен келіп, ірге теуіп, тұрақтана бастаған жергілікті мамандарға арнап мектеп, емхана, мәдениет үйі, тіпті саз мектебіне дейін бой көтерді. Өндіріс дамыған сайын Ералы (қазіргі Құрық) ауылы да көркейіп, іргелі елді мекенге айнала бастады. Сол елсіз-күнсіз жерден бой көтерген бұл ауыл – бүгінде Маңқыстаудағы шаруасы шалқыған ірі аудандардың бірі Қарақия ауданының орталығы. Сондықтан бүгінгі Құрық халқы осы ауылдың іргетасын қалаған Халекеңнің есімін ұмытпауы тиіс.

«Мәскеу бір күнде тұрғызылған жоқ» деген мәтелге айналған сөз бар. Сол айтпақшы, бұл қыруар жұмыстың бәрі бір күнде жасалған жоқ. Бұл – Халел Жағыпарұлының көреген көшбасшылығымен, оның асқан сұңғылалықпен таңдаған білікті маман-кадрларының ерен еңбектерімен қол жеткен үлкен жетістіктер. Айналасына осындай мықты мамандарды топтастыра білу де – біле-білгенге үлкен өнер. Ол үшін елмен тіл табыса білумен қатар, айтқанын екі етпей орындата білетін талапшылдық, анау-мынау дауылға бүгіліп, сына қоймайтын қайтпас қайсарлық қасиет қажет. Мұның бәрі Халекеңнің бір бойынан табылатын. Ол қатаң тәртіпті сүйетін, талабы күшті басшы болды. «Басқару дегеннің жөні осы екен» деп, дауыс көтеріп, айқайлап ұрсу деген ол кісіге жат нәрсе-тін. Дегенмен, алдына келген адамын артық-ауыс сөзсіз-ақ ықтырып, дегеніне көндіре алатын бір ерекше қасиеті бар еді. Қол астында талай жыл істесем де, ол кісінің осы қасиетінің сырын түсіне алмай кеткенімді мойындаймын. Ол кісінің алдында бәрі тақ тұрып жұмыс істейтін. «Өзбекқалиев хабарласты» десе, «Қай жағымнан ши шығып қалар екен?» деп, жан-жағымызды түгендеп, сақадай-сай отыруға тырысатынбыз. Тіпті дәлізде кездесе қалсақ та, қолбасшының алдындағы сарбаздай еріксіз сымдай тартылып тұра қалушы едік. Сонда неге қорқатынымызды білмеймін. Ол кісі баласының бетіне қарап, қатты сөз айтып көрген адам емес. Аз сөйлейтін, бірақ сол аз сөзбен-ақ жеріне жеткізіп тастайтын. Сол жылдары обкомда бөлім меңгерушісі болып істеген Мұсташ деген жігіт: «Бұл қасиет кез-келгенге бітпейді. Қатты айтпайды, бірақ талап қойса, соны орындағанша тынбайсың», - дейтін. Сол рас еді.

Осындай қатаң мінезіне қарамастан, Халекең өз отбасында бала-шағасына өте қамқор жан болатын. «Баланы ұрып, ұрсып тәрбиелегенді ұнатпаймын», - деуші еді ол кісі. Бірақ қанға сіңген қасиет болған соң ба, әке айбатынан балалары да қатты қаймығатын. Қанша рет дастарханынан дәм татып жүргенде байқағаным: балалары артық сөз, шалыс қимыл жасамайтын. Олар да қатаң тәртіпке бағынып, жақсы азаматтар болып өсті.

Халел Жағыпарұлының зайыбы Софья Қайырқызы білікті педагог, ұлағатты ұстаз болатын. Өте мәдениетті жан еді. Сөзге шебер болатын. Қай ортада қалай сөйлеу керектігін жақсы білетін. Халекең істің адамы ғой, қонақта болғанда дастархан басында көп сөйлемейді. Қызметтің жайын жеке өміріне араластырғанды ұнатпайды. Сондықтан көбіне тізгінді Софья жеңгейге ұстата салатын. Ал ол кісі сөздің майын тамыза, бәрінің тігісін жатқыза сөйлеп, отырғандардың жанын жадыратып жіберуші еді. Жалпы, қызметте жүрген кісілерге осындай жақсы жардың бұйыруы – Алланың берген бір нығметі ғой деп ойлаймын.

Халел Жағыпарұлы өндірістен кетіп, Қазақ КСР Геология министрлігінде істеп жүргенінде жұмыс бабымен жиі кездесіп, дәмдес, пікірлес болып жүрдік. Одан кейінгі жылдары ол кісі зейнетке шыққаннан кейін де отбасымызбен араласып, қимастығымыз бен сыйластығымызды жоғалтпадық.

Мен бас-аяғы 23 жылға жақын Маңқыстауда жұмыс істеп, бұйырған басшылық қызметтерді атқардым. Киелі Маңқыстау халқына өкпем жоқ, еңбегімді бағалап, қызметін берді, құрметін аямады, көкке көтеріп, сыйлады. Әлі күнге ұмытпай, байырғы мұнайшы ретінде марапаттап, сый-құрметін көрсетіп келеді.

Бірақ «Туған жер – тұғырың, туған ел – Қыдырың» деген бар. Осы ширек ғасырға жуық Маңқыстауда тұрып, еңбек етіп, сіңісіп кетсем де, тұғырым мен Қыдырымды жадымнан шығара алмадым. Перзенттерім өсіп-жетілген сайын «Ұрпағымды тамырынан ажыраттым-ау» деген бір ой маза таптырмай, ақыры көш-керуенімді қамдап, атамекенге қайта бет бұрдым.

Елге келген соң, Одақ тарағанша түрлі партиялық қызметтерді атқардым. Қоғамдық жұмыстардан да бас тартпадым. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыстық Экология басқармасын басқардым. Сол жылдары ортақ таныстарымыздан Халел Жағыпарұлының Сарыағашта демалғысы келіп, жолдама сұрастырып жатқанын естіп қалдым. Өмірімде өшпес орны бар, ағадай қамқорлығы өткен аяулы жанның бұл тілегін жерде қалдырмауды ұйғардым. Сарыағаштағы «Арман» шипажайының басшысымен сыйластығымыз жақсы еді. Сол кісімен хабарласып, отбасымен демалуға жолдама беруін өтіндім. Ол да бір ауыз сөзге келмей, келісті. Бұл істі бір жайлы еткен соң, Халекеңе хабарласып:

- Жолдаманың жайын сөйлесіп қойдым. Тек келетін күніңізді хабарлаңыз, - дедім. Ол кісі балаша қуанып қалды.

Содан келісілген күні үйге келіп, бір күн қонағым болды. Ертеңіне өзім апарып, шипажайға орналастырдым.

Арада біраз күн өткенде қонақжай халқымыздың салтымен малымды сойып, дастарханымды жасап, демалушылардың жағдайын біліп қайтуға жиналдым. Алдын-ала Халекеңе хабарласып, бара жатқанымды айттым. Сөйтсем, ол кісі: «Пірімтай қалада тұрады. Ауылдың сүт қатқан шайын сағынып жүрген болар. Оған жақсылап самаурынның шәйін берейік», - деп, Софья жеңгей екеуі құлқын сәріден тұрып, ар жағындағы ауылды аралап кетіпті. Біреуден үйдің сүтін сатып алып, тағы біреуден электрлі самаурынын сұрап алып, әбден дайындалыпты. Беу, бала көңіл Халекем-ай!

Мен артынып-тартынып шипажайдағы бөлмесіне кіріп келсем, төрде дастархан жаюлы, самаурыны бұрқырап қайнап тұр.

- Ау, мұныңыз не? Мен сізді күтем бе деп келе жатсам, сіз мені күтіп отырсыз ғой? – деп күліп алдым.

Дастархан мәзірін мол етіп алып келгем. Бәрін дайындап болған соң:

- Мына тағамның бәрі екеуіңізге ауырлық етер. Осында келгелі танысып, жақсы араласып қалған адамдарыңыз болса, шақырыңыз. Отырысымыз көңілді болсын, - дедім.

Сөйтсем, бұл кісілердің соншалықты қарапайымдылығы – «Ешкімге ауырлығымызды артпайық» деп, тиісті емін алып, өздерімен өздері жүре берген ғой. Оның орнында басқа біреу болса, «Мен сондай үлкен тресті басқарғанмын, білдей бір министрдің орынбасары болған адаммын, маған лайықты қызмет көрсетіңдер» деп, айналасын бір қуырып алар еді. Бұл кісінің тіпті шақыратын адам таппай, ұзақ ойланғанына қарағанда, мұнда білдей Өзбекқалиевтің жатқанын ешкім білмейтін де сияқты.



*Нәрен Имашев, Халел Өзбекқалиев және Валентин Токарев*
*1966 жыл*

Ақыры ойлана келе, Халекең осыдан бірер күн бұрын Атырауда милиция бастығы болып жұмыс істейтін бір жігітпен танысқанын есіне түсірді. Оның да қай бөлмеде жататынын білмейді екен. Әйтеуір сұрастырып жүріп, тауып алдық. Сол күні жақсы отырып, біраз күннен кейін қайтадан Алматыға шығарып салдым.

Иә, осындай, өмірінде өз еңбегін ешкімге бұлдамаған, тіпті сондай үлкен қызметтерді атқарса да, өмірінің соңында шалқып-тасып тірлік кешер дүние жимаған, бірақ соңында бүкіл Қазақ елі игілігін көрер үлкен тірліктерін қалдырған, нағыз «әулие» деуге лайық асыл азаматтың еңбегін ешкім де жоққа шығара алмайды. Ол тресті 20 жыл басқарып, мұнай тарихының жаңа парақтарын ашқан үлкен кен көздерін ашты. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында «өтпелі кезеңнің» дағдарысынан еліміздің қиналмай шығуына осы мұнай қорының көп септігі тигені де – ешкім жоққа шығара алмас ақиқат. Одақтың шекпенінен шыққан өзге елдер жаңа жағдайға бейімделе алмай, көп қиналғанын көзіміз де көрді, тарих та растайды. Сол жылдары Отанын тастап, өзге мемлекеттерге қоныс аударғандар қаншама! Бір ғана Өзбекстаннан жылына 7-8 млн. адам жұмыс іздеп, басқа елдерге құл болып, босып кетті. Ал біздің Қазақстан халқы нарық талабына бейімделгенше азырақ қолайсыздықты сезінгенімен, өз елінен, өз жерінен бездірердей қиындықтың қамытын кие қойған жоқ.

«Мұнайды басқара отырып, сіз тұтас мемлекетті басқара аласыз» деген екен американдық мемлекет қайраткері Генри Киссинджер. Осыны терең түсінген сара саясаткер, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың болашақты алыстан болжап, мұнай қорын тиімді пайдалана отырып, ел бюджетін реттеп отыруының арқасында Қазақстан ғарыштық жылдамдықпен дамып, әлем мойындаған алпауыт мемлекетке айналды.

Бұл жерде, тағы да қайталап айтамын, кеңес тұсында көзі ашылған мұнай қорының және осы есепсіз ен байлыққа жол тапқан Халел Өзбекқалиевтің еңбегі ешбір өлшемге сыймастай, өте жоғары.

Асыл азаматтың қадір-қасиетін, жасаған ұлы істерін кезінде ел білді, аудан, облыс, республика басшылығына дейін жақсы бағалады. Бірақ сол заманның соқыр саясаты оның еңбегінің лайықты марапатталуына мүмкіндік бермеді. Ол екі рет Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылды. Сол ұсыныстың бірін трестің партия комитетінің хатшысы болып жүргенімде мен өз қолыммен толтырдым. Бірақ Мәскеудегі Одақтық Геология министрінің орынбасары А.А.Рясной «Бұл марапатқа оның әлі еңбегі сіңген жоқ» деген сылтаумен ұсынысымызға қол қоймай қайтарды. Бұл сол кездегі жергілікті кадрларға деген ұлттық шовинистік көзқарастың салқыны екені белгілі. Кеңес тұсында көрінгеннің қолтығында кеткен сол атақтың сондай тұғырлы тұлғаға бұйырмағанының өкініші әлі күнге өзегімді өртейді. Кейінірек Халел Жағыпарұлы министрдің орынбасары болып кеткеннен кейін «ММГБ» тресін аяқтан тұрғызуға сіңірген еңбегі үшін «Ленин» орденін алды. Ол кісіге одан үлкен марапат тимеді.

Әрине, «Аты мүлде елеусіз қалды» дегеніміз де асылық болар. Х.Өзбекқалиевтің мұнай саласының мамандарын даярлаудағы еңбегі ескерілген болуы керек, Ақтаудағы бір орта кәсіптік білім беретін оқу орнына есімі беріліпті. Тұрған үйіне ескерткіш тақта қойылды. Бірақ бүкіл Қазақстанның байлығын еселеп, дағдарыстың тырнағынан алып шыққан мұнай көзін тапқан адам үшін жасалған бұл тірлік тым аз.

Осының бәрін ескере отырып, мен Халел Жағыпарұлының қызмет жолын жақсы білетін, оның елге қалдырған мол мұрасына куә болған жан ретінде мынадай ұсыныс айтқым келеді. Бүгінде Маңқыстауда Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас секілді ірі мұнай көздерін қосқанда, бас-аяғы алпысқа жуық мұнай-газ кеніші бар. Міне, осы кен орындарының бәрін барлап, көзін табуға Халекеңнің еңбегі әбден сіңген. Олай дейтінім: тәуелсіздік жылдары мұнай-газ барлау ісіне тиісті көңіл бөлінген жоқ, тиісінше жаңа мұнай көздері ашылған күнде оның бәрі – сол Х.Өзбекқалиев «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресін басқарып тұрған немесе ол Геология министрлігінде қызмет істеген жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде ғана мүмкін болған нәрсе. Сондықтан үлкен мұнай көздері болмаса да, шағын кен орындарының біріне Халел Өзбекқалиевтің есімін беру әділеттік болар еді. Бұдан бөлек, өзі кезінде «ММГБ» тресін көшіру арқылы елді қоныстандырып, өсіп-дамуына көмектескен Қарақия ауданының орталығы Құрық ауылында да асыл азаматтың атында аллея ашып, ескерткіш орнату да көп күшті қажет етпесе керек-ті.

Мен ел ішінде әлі де Маңқыстаудың маңғаз даласына өмір әкелген тұғырлы тұлғаларын ұмыттырмай, халық жадында жаңғыртуды көздеген жаны жайсаң азаматтар барына сенімдімін. Олардың көбінің әкесі, атасы не аға-бауырлары Халекеңмен дәмдес-тұздас болып, қамқорлығын көргеніне де шүбәм жоқ. Сондықтан осындай ел үшін туған жаны жомарт азаматтардың көмегімен жергілікті билік осы ұсынысымды іске асырып, ұлтының ұлы перзенті болған Х.Өзбекқалиевтің 90 жылдық мерейлі мерейтойына лайықты тарту жасаса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рахат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында» деген екен ұлы ұстаз Әл-Фараби. Бүгінгі ел азаматтарының осындай ізгілікті істері ұрпақтың рухын жанып, ұлы істерге жігерлендіреріне сенімім кәміл. Ал Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиевтің сол ұрпақ үшін жасаған жақсы істерін насихаттап, үлгі ету – бізге парыз.

**Пірімтай АРЫСТАНОВ,**
***мұнай саласының ардагері, Қарақия ауданының құрметті азаматы***

*Внутренние коммуникации*

# ПЕРЕДАЧА ОПЫТА – ВКЛАД В РАЗВИТИЕ КОЛЛЕКТИВА

Уважаемые коллеги, как Вам известно, мы на пути больших перемен, связанных с процессами обеспечения жизнедеятельности Общества. Время ставит вызовы всем, как производственным процессам, так и вспомогательным.



Перемены к лучшему коснулись и процессов подготовки, переподготовки и повышения квалификации. В рамках изменений данного процесса предложена проверенная временем система 70/20/10, где 70% - обучение в корпоративном формате, 20% - обучение на рабочем месте, 10% - семинары, тренинги в специализированных учебных центрах

Первым этапом на пути внедрения данной модели стала разработка и создание Института внутренних тренеров Общества* (ИВТ). ИВТ представляет из себя пул квалифицированных работников Общества, готовых поделиться своими знаниями, умениями и навыками с коллегами. Помочь коллегам понять все те бизнес-процессы их задачи и ценности Общества, влияющие на успешное развитие, как компании, так и в личной эффективности.



Так, в рамках формирования пула корпоративных тренеров отделом развития и обучения персонала ДУЧР совместно с руководителями структурных подразделений Общества были отобраны и обучены наши первые корпоративные тренера:

- Бакытжан Бельбаев - ведущий геолог ОГиАРМ ПУ «Каламкасмунайгаз»;
- Ерлан Жарылгапов - инженер по охране труда и технике безопасности ДТБ, ОТ и ООС;
- Саги Диханов - заместитель начальника автопарка ТД;
- Каншаим Жолдасова - заместитель начальника отдела контрактов по закупу ТМЦ ДЗиТМС;
- Гулмира Кайсенова - начальник отдела контрактов по закупу услуг ДЗиТМС;
- Нурлан Сабиров - заместитель начальника отдела планирования закупа;
- Шолпан Әбдіманап - ведущий инженер-программист группы сопровождения ПО ERP отдела информационных баз данных ДАИТиС;
- Жанар Успанова - начальник отдела консолидации и экономического анализа ДБПиЭА;
- Канаткали Тулебаев - экономист 1 категории отдела бизнес-планирования и экономического анализа по обеспечению основной деятельности ДБПиЭА.

Обучение прошло при участии Корпоративного Университета «Самрук-Казына» с одним из лучших бизнес-тренеров Казахстана Ильдаром Валиулловым. За время обучения наши коллеги познали азы тренерской деятельности, освоили современные инструменты эффективного проведения тренинга, узнали о методах по составлению учебных программ и самостоятельному проведению тренингов в соответствии с современными требованиями организации.

Мы верим, что совместными усилиями сможем узнать больше о наших процессах изнутри, как они работают и в чем их преимущество. Коллеги, давайте пожелаем удачи нашим внутренним тренерам и уже в этом году примем участие в первых корпоративных учебных семинарах.

Информацию о темах и сроках внутреннего обучения можно получить в Отделе развития и обучения персонала ДУЧР после утверждения календарного плана.

**Для более детального изучения принципов работы института внутренних тренеров вы можете ознакомиться с РД П-23-72 «Правила о внутренних тренерах АО «Мангистаумунайгаз» расположенного в базе ЭБД Lotus Notes.*

**Б.Кыдыров,**
**и.о.начальника отдела развития и обучения персонала ДУЧР**

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

*ҮЗДІК МАМАН - 2018*

# ҰЖЫМ СЕНІМІН АҚТАҒАН НҰРЖАН



«Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігі жұмыскерлері арасында өткен «Үздік маман - 2018» сайысының бірінші кезеңінде серіктестік бөлімшелерінен 13 жабдықты жөндеу электромонтерлері өзара бәсекеге түсті. Жетібай кен орнында орналасқан «Жетібай» ӨЭҚ-2 базасында салтанатты түрде ашылған сайыста әр қатысушының теориялық білімі тестілеу сұрақтары арқылы тексерілді. Уақыт шапшаңдығы мен сұрақ жауабын саралаған додада сайыскерлер өз білімдерінің тереңдігін көрсетті.



Релелік қорғаныс, автоматикаландыру және сынақтау қызметінің 4 дәрежелі электромонтері – **Нұржан Қыдырғалиұлы Қарабалаев** жүлделі орынға ие болды. Байқау ережесі бойынша бір күнтізбелік жылға тарифтік мөлшерлемеден 30% көлемінде қосымша ақы сертификатымен және құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл жеңіс Нұржанға «ҚазМұнайГаз» АҚ еншілес компаниялары арасында өткізілетін жыл сайынғы өз ісінің майталман шеберлерін анықтайтын «Үздік маман - 2018» байқауына қатысуға жолдама берген болатын.

«Үздік маман - 2018» байқауының мәрелік жарысы «ҚазТрансОйл» АҚ оқу-өндірістік комбинаты алаңында өтті. Тәжірибесін нығайтып, білегін сыбанып барған біздің Нұржан бұл жерде де өз мамандығының қыр-сырын жетік меңгерген шебер ретінде көрсетіп, бас жүлдеге ие болды.

Кәрі Каспий жағалауында өткен мерекелік марапаттау шарасында Нұржанды қолдап барған «Маңғыстауэнергомұнай» серіктестігінің әкімшілік тобы, жас мамандар кеңесі, кәсіподақ ұйымындағы әріптеріміздің бұл күні мерейі үстем болды. Сахнада Бас жүлдені зор қызу қолдаумен қабылдаған Нұржан Қарабалаевтың жеңісін біздің тату да қажырлы ұжымымыздың мәртебесінің тасығаны деп қабылдадық.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың сөзі осы жеңістің құрметіне арналғандай болды: «Мен **энергетиктерді** осы заманның Прометейлері деп бағалаймын. **Адамдарға от беріп**, жағдайын жақсартқан **Прометей** тәрізді, “Маңғыстауэнергомұнай” ұжымы қазыналы Маңғыстау даласындағы сансыз скважиналарға қуат беріп, олардың жер астындағы мұнайды сыртқа шығаруына көмектесіп отыр. **Ол мұнай алтынға айналдырылып, Мемлекет қазынасына құйылуда**. Ол қазына Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуда. Осындай ұлы қызмет атқарып жатқан **энергетик – Прометейлердің** өздерінің аман, отбасыларының бақытты, Отанының қуатты болуын тілеймін!» деген болатын. Абыздың аталы Сөзі, Баталы сөзін біз Нұржан Қарабалаевқа да арнадық!

Жеңісің құтты болсын, Нұржан!

**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС әлеуметтік- әкімшілік тобы**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ



*ҮЗДІК МАМАН - 2018*

# ТЕМІРДІҢ ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН

Темір өндіріп-өңдеп шыңдаған, ұсталықты кәсіп қылған көшпелі, қуатты, ат ойнатып, тарих төріне шығып, төңірегіне тұтасымен ықпал еткен, ауыздығымен алысқан арғымақтармен алыс аймақтарға жауынгерлік жорықтар жасаған, теміршілік-ұсталықты құрметті ата кәсібіне айналдырған халықтың ұлдары бүгінгі күні бейбіт еңбек майданында заманына лайықты ерлік көрсетіп, айбынын асырып жүр.

Солардың бірі «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің 5-дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі Ғалымбек Асқарұлы Құлшанаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниялары арасында өткен «Үздік маман – 2018» байқауында 1-орынды жеңіп алды.

Қаратауды жағалай жасыл желекке малынып жеміс-жидегі төгілген, көркі алыстан көз тартатын әсем ауыл Шайырда туып-өскен Ғалымбек Асқарұлы еңбек жолын кеңшардың гаражында бастады. Шетпедегі кәсіптік-техникалық училищеден мамандық алғаннан ол он бес жылдан бері компанияда еңбек етіп келеді.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Ғалымбектің теориялық білімі мен практикалық машықтары тарифтік-біліктілік комиссияда қаралып, 5-дәрежеге қол жеткізген болатын. Сол кезден бастап өзінің білімін толықтырып, қамшылатпай, шеберлігін шыңдай түсуге ден қойды. Ұстаны соққан пышағынан танитынындай өз ісіне епті, намысын қолдан бермейтін қолы ұста, сөзі қысқа жігітті жазбай таныған Серіктестіктің бас дәнекерлеушісі Ғабдулхамит Ғаниев-Хамидуллин тәлімгерлігі, қанаттас еңбек ететін Бекзат Ораш, Ержан Қоразов сынды дәнекерлеу шеберлерінің қамқорлығы оны майталман маман қылып тәрбиелеп шығарды. Екі ұштыны бір күшті қосатынының айғағы іспеттес екі құбырдың басын бір-біріне жалғап бір тұтас дүниеге айналдырған пісірушінің жұмысы жетіліп, жаңа сапалық деңгейге көтерілді.



Ғалымбек компания басшысы Серік Әбденовтың қолдауымен Жетібай кен орнында ұйымдастырылған «International Safety Standard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық кәсіппен айналысатын жұмысшылардың біліктілігін арттыру курсында білімін шыңдап, практикалық машықтанудан өткен болатын. Қазіргі таңда компания дәнекерлеушілері Lincoln Electric «Vantaqe-500» дәнекерлеу агрегаты, ESAB «Warrior-500» дәнекерлеу аппараттарында жұмыс істейді, әлемдік стандарттарға сай сапалы қызмет көрсетуге мол мүмкіншілік алды. Әр дәнекерлеуші өзі орындаған дәнекерлеу жігі үшін жеке жауапкершілікті көтереді, әр жікке жеке таңбасын басады.

Жастайынан еңбектің көзін тапқан Ғалымбек бақыттың өзін де тапты. Осы қарапайым, еш артық әңгімесі жоқ ісіне мығым, темірге тіл, жаңқаға жан бітіретін жігіттің ұжым мүшелері арасында беделі зор. Жан жары Жұпар Мүйімсатқызымен бірге Асқар Бек, Бағлан, Гүлзар, Ұлан атты перзенттерін өсіріп, үлгілі отбасы түтінін түзу түтетіп отыр. Өнерлінің өрісі ұзақ екенін көрсетіп, еліміздегі ең ірі «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорындары арасында өз ісінің қас шебері ретінде ең жоғарғы марапатқа ие болды. Компанияда алған білімі мен біліктілігі арқасында қайратына әдісін жолдас етіп, шеберліктің додасында салқынқандылықпен және өзіне деген нық сеніммен жеңіс тұғырына көтерілді.

«Қару күшті емес, қару ұстаған күшті» дегендей кәсіпті меңгеріп, оны асқан шеберлікпен ұстанған Ғалымбек Асқарұлындай мамандық иелері адал еңбегімен көпке үлгі және ыстық ілтипат, зор құрметке лайық.

Жеңісің құтты болсын, Ғалымбек! Еңбегің жанып, табыстан табысқа жете беруіңе тілектеспіз!

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

*СПОРТ*

# ОСК - ЧЕМПИОН!



Қыркүйек айында Астана қаласында Назарбаев Университетінің спорт кешенінде өткен «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының арасындағы 3-ші жазғы Спартакиадасының ақтық мәресі – биылғы жылдың жарқын оқиғасының бірі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған мұнайшылар, спорттың түр-түрінен жарыстарға қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Жарысқа қатысушылардың қатарында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Эмбамұнайгаз» АҚ, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ, «КазТрансОйл» компаниясы және тағы да басқа мұнай компаниялары болды.

«Oil Services Company» Серіктестігінің мұнайшы жастары да осы спорт мерекесінде барлық күш жігерлерін сынға салды. Баскетбол мен футболдан өткен жарыс тартысты бәсекеге толы болды. Мекеме туын көкке көтеріп жүрген команда мүшелері Асхат Урынбаев, Сағындық Тұргазиев, Жандос Кашкинбаев, Нурлан Серикбаев, Гамзат Туретаев, Асхат Тастанбеков, Жақсылық Анетов, Болатбек Еркинбаев, Еркеғали Саркулов және Самат Майрамов әрдайым республика, облыс, қала денгейінде өтіп жүрген барлық жарыстарда жүлделі орындарды жеңіп, намысты қолдан бермей жүрген жігіттер.

Міне, тағы да бір жеңіс! «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниялары арасындағы 3-ші жазғы Спартакиадасында футболдан Бас жүлде тағы да «Oil Services Company» Серіктестігі қанжығасына байланды. Қандай тамаша жарыс, қандай керемет жеңіс десеңізші. Жігіттер жарады, ОСК чемпион!

Жақсылықты көп айтса көбейеді дегендей, еңбек пен спортты қатар алып келе жатырған жастардың отбасыларына амандық тілей отырып, толағай табыс пен қажырлы қайрат тілейміз.

**Аққуміс Алдабергенова,**
**«Oil Services Company» ЖШС**
**ӘСБ маманы**






*Досуг*

# НА ЗАМЕТКУ КНИГОЛЮБАМ



**Приятная новость для всех книголюбов и книгочеев АО «Мангистаумунайгаз»: в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру» библиотечный фонд Общества пополнился 210 экземплярами новых книг.**

Читателей ожидают произведения на казахском и русском языках, как современных авторов, так и классиков отечественной и мировой литературы: Абая Кунанбаева, Мукагали Макатаева, Ильяса Есенберлина и многих других, на этих книгах выросло не одно поколение казахстанцев. Помимо художественной литературы, широко представлены технические и научно-популярные издания, а также учебники по психологии, экономике, философии и др.

Книги уже прошли комплектацию и равными долями переданы в библиотечные фонды месторождений Каламкаса и Жетыбая, а также пополнили книжный фонд центрального аппарата Общества.

- Как вы знаете, буквально месяц назад на месторождении Асар открылась новая библиотека, - говорит начальник ЦДНГ-3 ПУ «Жетыбаймунайгаз» Сагыныш Тастыгараев. – Поэтому поступление новых книг, придется как нельзя кстати. Уверен, что наши работники будут с удовольствием пользоваться литературой в свободное от работы время.

Не лишним будет напомнить, что чтение книг не только расширяет кругозор, но и способствует развитию творческих навыков, активно развивает словарный запас, снимает напряжение и стресс.

*Қайырымдылық*

# ТАРЫҚҚАНҒА-ДЕМЕУМІЗ, ҚИНАЛҒАНҒА-ҚАМҚОРМЫЗ

Қыркүйек айында екі рет «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры қамқорлық кеңесінің отырысы өтіп, шілде және тамыз айлары есебінен Қор шотына жиналған қаражаттарды үлестіру мәселесі талқыланды.

Қыркүйек айының 7 жұлдызы күні Қор атына компаниямыздың бұрынғы қызметкерлері Б.Қабдулдина және Ж.Тауекеловадан оқу жылының басталуына байланысты мектеп жасындағы балаларына киім-кешек пен оқу құралдарын алып көмектесу жөніндегі өтініш келіп түсті. Өтінішті қарастыра келе, Кеңес мүшелері шілде айы есебінен Қор шотына түскен 200 000 (екі жүз мың) теңге көлеміндегі қаржыны 100 000 (жүз мың) теңгеден жоғарыда есімдері аталған қызметкерлерге бөліп беру туралы шешім қабылдады. Сол күні қаржылай көмек өтініш иелеріне табысталды.

17 қыркүйек күні Кеңес мүшелері тағы бір кеңес өткізіп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкері, күрделі құрылыс бөлімінің инженері М.Қосмагамбетовтен түскен өтінішті қарастырды. Әріптесіміздің күрделі сырқатына орай, екінші отасына жатқызылғандығын ескере отырып, Кеңес мүшелері тамыз айы есебінен Қорға жиналған 200 000 (екі жүз мың) теңгені әріптесіміздің жанұясына табыстады. Қаражатты алған әріптесіміздің баласы Ринат толғанып тұрып, Қор салымшыларына ыстық ықыласын білдіріп кетті.

Қор атқарған соңғы екі айдың нәтижесі осындай болды. Көлемі аздау болғанымен, сауабы мол шаралар жүзеге асырылып келеді. Көмек алған азаматтардың алғысы Қорға салымшы болған әрбіріңіздің тағдырыңызға нұр себері сөзсіз. Заман тарылып, құндылықтар өзгерген осынау шақта жан жылуын өзгемен бөлісе білу – нағыз имандылықтың, адамгершіліктің белгісі дейді. Жасап жатқан садақаларыңыз қабыл, еңбектеріңіз жемісті, табыстарың берекетті, отбасыларың аман болсын. Жақсылық жасаумен жарысайық! Қорға салымшы боламын десеңіз 212-492 телефон нөміріне хабарласыңыз!

*Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне – 20 жыл*

# ДАРИЯ БАҚҚА ЖИНАҢЫЗ

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне – 20 жыл. Осы кезең аралығында еліміз маңызды әлеуметтік-демографиялық, экономикалық өзгерістерді бастан кешіріп, талай жаңа белестерді бағындырды. Қазақстанның зейнетақы жүйесі де жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, уақыт талабына сай жаңарды. Еліміздің зейнетақы жүйесінің өткені, бүгіні мен болашағына бағдар жасау үшін біз Маңғыстау облыстық филиалының директоры Кибасова Жанар Майрамбайқызын әңгімеге тарттық.

Кеңестік дәуірден қалған зейнетақы жүйесін жаңарту қажеттігі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары туындады. Кеңес Одағы құлағаннан кейін ортақ зейнетақы жүйесі жаңа заман талабына сай келмейтіні түсінікті болды. Сондықтан Қазақстан өзіне қолайлы жүйе қалыптастыру үшін әлемдік тәжірибені зерттей бастады. Ең оңтайлы жүйе ретінде 80-жылдары әлем бойынша үздік деп танылған Чилидің үлгісі таңдалып алынды. Әлемдік банктің кеңесімен осы үлгі бойынша Латын Америкасы, Шығыс Европа, ТМД-ның бірқатар елдерінің зейнетақы жүйесі реформаланды. Қазақстан осы жүйенің басты қағидатын негізге алды. Бұл жүйе бойынша салымшылар табысының белгілі бір пайызын жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған жеке зейнетақы шоттарына жинауға міндеттеліп, бұл жарна инвестициялық табыспен капитализацияланады. Қызу пікірталастардан кейін 1997 жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды.

Осылайша Қазақстан посткеңестік кеңістікте алғашқы болып жинақтаушы жүйеге негізделген аралас зейнетақы жүйесіне көшті. 1997 жылдың қыркүйегінде ҚР Үкіметінің Қаулысымен Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды (МЖЗҚ). 1998 жылдың басынан бастап қазақстандықтар табысының 10 пайызын міндетті зейнетақы жарнасы ретінде жеке зейнетақы шоттарына аудара бастады. Осы жылдан бастап жеке зейнетақы қорлары да ашыла бастады. Әрбір азаматқа өзіне қолайлы зейнетақы қорын таңдау құқы берілді. Егер ол өз таңдауын жасай алмаса, жарнасы автоматты түрде мемлекеттік қорға аударылды.

2013 жылы МЗЖҚ-ның базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) құрылды. БЖЗҚ-ға жеке қорлардың активтері берілгеннен кейін әкімшілік және операциялық шығындар азайып, жеке қорлардың комиссияларымен салыстырғанда БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақылары азайды. Ең бастысы – мүдделес компаниялармен шығынды келісім-шарттар жасалуына тосқауыл қойылды. Салымшылардың бір қордан екінші қорға бей-берекет ауысуы да тоқтады. Мұның бәрі жүйенің тиімділігіне игі әсер еткені күмәнсіз. Дегенмен, БЖЗҚ құрылғаннан кейін де Қазақстанда ортақ бөліктен, міндетті жинақтаушы бөліктен және ерікті жинақтаулардан тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесі сақталып қалды. Жиынтық зейнетақы да екі төлем көзінен тұрады: мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақы және БЖЗҚ-дағы жинақтардан құралатын зейнетақы.

Уақыт талабына сай болу үшін зейнетақы жүйесі әрдайым жаңарып отырады. Қазақстанның зейнетақы жүйесінде алдағы онжылдықтарда қалыптасуы ықтимал түрлі сценарийлерді болжау үшін БЖЗҚ-да актуарлық зерттеулер жүргізіледі. Қор мамандары зейнетақы жинақтау жүйесінің қандай да бір бөлігі жақсы дамыған елдердің тәжірибесін зерттеумен де айналысады. Мысалы, шартты-жинақтаушы компонент Швецияда жақсы дамыған. Сонымен бірге, ерікті зейнетақы бөлігін дамытуға Германия мен Малайзияда үлкен мән беріледі. Сингапур жинақтарды баламалы мақсаттарға пайдалану тәжірибесімен, ал Гонконгтың тәжірибесі зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық стратегиясымен тартымды.

Алайда енгізілгелі отырған өзгерістермен бірге Қазақстан зейнетақымен қамсыздандырудың диверсификациялық қағидатын сақтап қалады. Себебі бұл компоненттің артықшылығын екінші компоненттің кемшіліктерінің орнын толтыру үшін пайдалануға болады. 2040-жылдары 1998 жылға дейін еңбек өтілі жоқ азаматтар зейнетке шыға бастағанша ортақ компонент біртіндеп шартты-жинақтаушы компонентке ауыса бастайды.

Сонымен қатар Ұлттық банкте зейнетақы активтерін басқару бойынша бірқатар міндеттерді бәсекелестік ортаға – қазақстандық және шетелдік компанияларға беруге байланысты ұсыныстар дайындалды. Салымшыларға инвестициялық стратегия мен жеке басқарушы компанияны таңдау құқы беріледі деп жоспарлануда. Бірақ БЖЗҚ ҚР жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағымдарының бірыңғай операторы және әкімгері болып қала береді.

Құрылымдық өзгерістермен қатар сапалық өзгерістер де болады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына орай, БЖЗҚ интернеттің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қор қызметтерін барынша қолжетімді ету бағытында үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Қазірдің өзінде Қордың барлық қызметтері дерлік электрондық нұсқада қолжетімді. Осының арқасында біздің салымшылармен ара-қатынасымыз түбегейлі өзгеріп, оларға барынша жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік алдық.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-452 212-462, 212-492

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500